

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина
Университеті

Тақырыбы: Инфекциялық емес патологиядағы менингеальды синдром (екіншілік ірінді менингит, субарахноидальды қан құйылу, бас ми ісінуі). Туберкулезді менингитпен екшеу диагностикасы.

Орындаған: Изнатов Рабиға 626 топ

Тексерген: Турганбаева Д.И.


Ақтөбе 2016

Жоспар:


- Менингит туралы түсінік
- Инфекциялық емес патологиядағы менингеальды синдром:
- Екіншілік іріңді менингит
- Субарахноидальды қан құйылу
- Бас миы ісінуі
- Туберкулезді менингитпен екшеу диагностикасы

- **Менингит** – ми мен жұлынның жұмсақ қабықтарының қабынуы. Бұл аурудың қоздырғышын 1887 ж А.Вейксельбаум науқас адамның жұлын сұйықтығынан тапқан. Пішіні бұршақ тәріздес, қосарланып орналасады. Қоздырғышы граммтеріс диплококк, менингококк. Менингиттің қоздырғышы тыныс алу, жөтелу кезінде ауа арқылы таралады. Қоздырғышы граммтеріс кофе дәні тәрізді диплококк. Химиялық, физикалық факторларға сезімтал, бөлме температурасында бірнеше сағатта, ал хлорамин ерітіндісі әсерінен 2-3 мин. ішінде жойылады. Осылайша кеңсірікке түскен менингококк жұлынға, қан айналым жүйесіне еніп кетеді. Осы науқасқа шалдыққан адам менингитті таратудың бірден-бір көзі болып табылады.


- Орталық жүйке жүйесінің жұқпалы ауруларының ішіндегі аса қауіптісі осы менингит. Бүкіл дүниежүзінде осы науқасқа душар болғандардың 20 пайызы қайтыс болады. Тұрғындардың тығыз орналасуы, тазалық сақтамау, тұмау және басқа да кеселдер, ауруды таратын ошақтың болуы сияқты факторлар осы аурудың тууына себепші.



Мозговая оболочка



**Инфицированная
мозговая оболочка**



- Ауру қоздыратын микроағзалардың түрлеріне және аурудың дамуына қарай:
- Бактериялы;
- Вирусты;
- Мерезді деп ажыратылады
- Аурудың даму сипатына қарай:
- Жедел
- Созылмалы
- Зақымдалу себептері бойынша: біріншілік, екіншілік;
Біріншілік менингит деп диагноз қойылады, егерде алғашқы инфекция ошағы табылмаса.
- **Екіншілік менингитте** инфекция ошағы болады. Ірінді менингит кезінде -бактериалды зақымдалу байқалады. Менингит өз алдына жеке ауру болуы, сондай-ақ кейбір жарақаттардың, ірінді аурулардың, құрт ауруы, тұмау, іш сүзегі, көптеген жұқпалы аурулардың асқынуынан да болуы мүмкін. Жедел менингит ірінді және іріңсіз түріне ортақ кездесетін ауру белгісін менингиальдық синдром деп атайды.

Менингит клиникалық көрінісі

- Ауру жұқтырғаннан кейін 2-10 күн аралығында инкубациялық кезең басталады. Менингиттің тұрақты және негізгі белгісі – бас ауырады, лоқсып құсады, аузы құрғайды, дене қызуы көтеріледі, өңі бозарып, даусы қарлығады, ауру денесінде қызғылт түсті бөртпе пайда болады. Егер бөртпе бір күн ішінде қайта жойылса микробтар қанға түсті деген сөз. Қан айналымы арқылы ортақ ми жүйесіне жетіп, мидың қабынуы басталғанда менингиттің белгілері айқын көрінеді. Іріңді менингитте дене қызуы 40 градустан жоғары болады. Желке тұсындағы бұлшық еттері құрысып, науқас басын шалқайта береді. Мойынның қозғалуы қиындайды, шатасып сөйлей бастайды, есінен танады. Ішкен тамағын құсады, тамыр соғысы жиілейді, төсекте тізесін бүгіп бүрісіп жатады.




Симптом Брудзинского

Симптом Кернинга




При пассивном приведении головы к груди в положении пациента лежа на спине происходит непроизвольное сгибание ног в коленных и тазобедренных суставах



Невозможность пассивного разгибания ноги, предварительно согнутой под прямым углом в тазобедренном и коленном суставах





Сыпь при заражении крови, вызванном бактериальным менингитом

Екіншілік іріңді менингит

- Этиологиясы әр түрлі ми қабықшасының қабынуы. Оларды әр түрлі микроорганизмдер шақыруы мүмкін. Мысалы, стафилакокк, стрептококк, пневмококктар және т.б. Екіншілік іріңді менингитте инфекция ошағы болады. Олар жарақаттанған тері немесе бас сүйегі, операция жасалған жерлер, құлақ және басқа да жерде орналасқан синустар.
- Патогенезінде жиі пневмококктар мен Пфейффер таяқшалары, сирек стафилококк пен стрептококктар анықталады.
- Инфекция субарахноидальды кеңістікке – контактілі, периневральды, гематогенді немесе лимфогенді жолмен енуі мүмкін.

